

**6D010500 – «Дефектология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Махамбетова Алия Бердехановнаның
«Арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

ШКІРІ

Бүгінгі қоғамның жаһандану мен инновациялық ұтқырлық, технологиялық пен технократтық, ақпараттық цифрлық өзгерістеріне сәйкес қарқынды дамуы мен рухани жаңғыруы жағдайында осы заманауи қағидаттарды жүзеге асыруға білікті мамандардың қажеттілігі артып отыр. Ал, бұл болса, олардың осындай өзгешеліктер мен жаңалықтарға жылдам бейімделіп, тез сіңісіп кетуі болашақ маманның, соның ішінде педагогтың практикалық даярлығының жеткілікті және жоғары деңгейінен талап етіледі.

Осыған орай болашақ арнайы педагогтардың жоғары білім алу барысында келешектегі кәсіби қызметіне практикалық бағдарлы даярлануын, яғни практикалық дайындығын күшейту қажеттілігін арттырады. Осыған байланысты педагогикалық білім беруде теориялық даярлығы мен практикалық даярлығы оқу орнында және өндірісте, яғни біздің жағдайымызда жоғарғы оқу орындарында жүруді жүзеге асыратын дуальді оқыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымы мен тәжірибесі саласында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне дуальді оқытуды ендіру мәселелерінің теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздерін зерттеуге аса мән берілуде. Олай дейтініміз, бүгінгі таңда Қазақстанда дуальді оқыту орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында табысты жүзеге асырылып келеді. Осы тәжірибе дуальді оқытуды ендірудің теория мен практика арасындағы алшақтықты жоятындығын; білім алушының оқу мен жұмысқа практикалық дағдысын игеру түрткісін жоғарылатындығын, мекеме басшысының өзінің қызметкерінің практикалық оқытуға қызығушылығы болатындығын және т.б. көрсетті.

Алайда, қазіргі уақытта дуальді оқытуды болашақ арнайы педагогтың кәсіби даярлығына толығымен ендіру, көшіре салу мүмкін емес. Өйткені олардың кәсіби даярлығындағы теориялық және практикалық құрамдарының пайыздық көрсеткішін теңестірудің, ал практикалық бөлігінің өндірісте (яғни арнайы педагогтардың кәсіби даярлығында жоғарғы оқу орын базасында) жүзеге асырудың әдіснамалық-ұйымдастырушылық негіздері жасала қойған жоқ, ол *біріншіден*. *Екіншіден*, дуальді жүйені жоғары педагогикалық білім беруде жүзеге асырудағы қиындықтар себептерінің анықталмауы және оны ендіру механизмінің жасалмауы да бұл мәселенің теориялық-практикалық тұрғыдан зерттеле түсуін қажет етеді.

Осы мәселені, яғни жоғарғы педагогикалық білім берудің оқу-тәрбие процесіне дуальді оқытудың элементтерін ендіре отырып арнайы педагогтарды

жоғарғы оқу орны негізінде кәсіби іс-әрекетке даярлаудың теориялық, практикалық негіздерін зерттеу қажеттілігі А.Б.Махамбетованың зерттеу проблемасының өзектілігін анықтайды. Осы айтылғандарға сәйкес ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу проблемасы жаңа, көкейкесті.

Алия Махамбетова *зерттеу барысында* дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында қарастырылған шетелдік және отандық әдебиеттерге контент-талдау, теориялық негіздеу, эмпирикалық зерттеу жүргізу (сауалнама, әңгімелесу, сұхбат және т.б.) математикалық өңдеу әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

- арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлаудың алғышарттарын айқындады;

- «дуальді-бағдарлық оқыту» ұғымын нақтылады;

- арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау моделін әзірледі;

- арнайы педагогтарды дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау әдістемесін жасап, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерді.

Ұсынылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны оның тараулары мен параграфтарының бір-бірімен тығыз логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай баяндалғанын көрсетеді. Ал бұл болса, докторанттың диссертациялық жұмыс жазуға аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді.

А.Махамбетованың жарық көрген еңбектері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті талаптарына сай келеді. Оның жарияланымдары Скопус мәліметтер базасына енетін нөлдік емес импакт-факторлы шет ел басылымында (квартиль–2, процентиль-59), шетелдегі және республикадағы халықаралық конференцияларда басылым көрген.

Сонымен Махамбетова Алия Бердехановнаның «Арнайы педагогты дуальді-бағдарлық оқыту процесінде даярлау» тақырыбында жазылған диссертациясы дербестігімен айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек, диссертациялық жұмысты «6D010500 – Дефектология» мамандығы бойынша философия докторы /PhD/ дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми кеңесші:
психология ғылымдарының
докторы, профессор**

